

Мәслихаттың 2020 жылғы 28 тамыздағы № 531 "Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың қағидаларын бекіту туралы" шешіміне өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы

Күшін жойған

Қостанай облысы Қарабалық ауданы мәслихатының 2023 жылғы 26 сәуірдегі № 16 шешімі. Қостанай облысының Әдіlet департаментінде 2023 жылғы 10 мамырда № 10002 болып тіркелді. Күші жойылды - Қостанай облысы Қарабалық ауданы мәслихатының 2023 жылғы 29 қарашадағы № 64 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Қостанай облысы Қарабалық ауданы мәслихатының 29.11.2023 № 64 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Қарабалық аудандық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Мәслихаттың 2020 жылғы 28 тамыздағы № 531 "Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың қағидаларын бекіту туралы" шешіміне (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 9424 болып тіркелген) мынаңдай өзгерістер мен толықтыру енгізілсін:

көрсетілген шешіммен бекітілген Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың қағидаларында:

3-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"3. Осы Қағидалардың мақсаттары үшін әлеуметтік көмек деп жергілікті атқарушы орган мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарына (бұдан әрі – алушылар) өмірлік қыын жағдай туындаған жағдайда, сондай-ақ мереке күндеріне ақшалай нысанда көрсететін көмек түсініледі.";

5-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"5. Әлеуметтік көмек көрсету үшін:

1) Кеңес әскерлерінің шектеулі контингентін Демократиялық Ауғанстан Республикасынан шығару күні - 15 ақпан,

2) Женіс күні - 9 мамыр мереке күндері болып табылады.";

7-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"7. Біржолғы әлеуметтік көмек өмірлік қыын жағдайға тап болған келесі азаматтарға, сондай-ақ азаматтардың жекелеген санаттарына мереке күніне көрсетіледі.".

7-тармақ 9) тармақшасымен толықтырылсын:

"9) Кеңес әскерлерінің шектеулі контингенті Ауғанстан Демократиялық Республикасынан шығарылған күні - 15 ақпан.

жаттығу жиындарына шақырылып, ұрыс қимылдары жүріп жатқан кезде Ауғанстанға жіберілген әскери міндеттілерге, 50000 (елу мың) теңге мөлшерінде;

ұрыс қимылдары жүріп жатқан осы елге жүк жеткізу үшін Ауғанстанға жіберілген автомобиль батальондарының әскери қызметшілеріне, 50000 (елу мың) теңге мөлшерінде;

бұрынғы КСР Одағының аумағынан Ауғанстанға жауынгерлік тапсырмаларды орындау үшін ұшуладар жасаған ұшу құрамының әскери қызметшілеріне, 50000 (елу мың) теңге мөлшерінде;

Ауғанстандағы кеңес әскери құрамына қызмет көрсеткен жарапанған, контузия алған немесе зақымданған, яки ұрыс қимылдарын қамтамасыз етуге қатысқаны үшін бұрынғы КСР Одағының ордендерімен және медальдерімен наградталған жұмысшылар мен қызметшілер, 50000 (елу мың) теңге мөлшерінде;

бұрынғы КСР Одағын қорғау кезінде алған жарақаты, контузиясы, жарақаты, әскери қызметтің басқа да міндеттерін орындауды немесе соғыс қимылдары жүргізілген Ауғанстандағы әскери қызмет кезінде ауруға шалдығуы салдарынан мүгедектігі белгіленген әскери қызметшілерге, 50 000 (елу мың) теңге сомасында ;

Ауғанстандағы ұрыс қызмет кезінде алған жарақаты, контузиясы, жарақаты, ауруға шалдығуы салдарынан қаза тапқан (жоғалған) немесе қайтыс болған әскери қызметшілердің отбасыларына, 50 000 (елу мың) теңге сомасында;

1979 жылғы 1 желтоқсаннан бастап 1989 жылғы желтоқсанға дейінгі кезеңде Ауғанстанға және соғыс қимылдары жүргізілген басқа елдерге жұмысқа жіберілген жұмысшылары мен қызметкерлеріне 50 000 (елу мың) теңге мөлшерінде;

уақытша Ауғанстан аймағында болған және кеңес әскерлерінің шектеулі контингенті құрамына кірмеген, бұрынғы КСР Одағы Мемлекеттік қауіпсіздік комитетінің жұмысшылары мен қызметшілеріне, 50 000 (елу мың) теңге сомасында.".

12-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"12. Мереке күндеріне әлеуметтік көмек алушылардан өтініштер талап етілмей уәкілдепті ұйымның не өзге де ұйымдардың ұсынуы бойынша жергілікті атқарушы орган бекітетін тізім бойынша көрсетіледі.".

2. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн еткен соң қолданысқа енгізіледі және 2023 жылғы 15 ақпеннан бастап туындаған қатынастарға қолданылады.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заннама және
құқықтық ақпарат институты» ШІЖКРМК